- Құрал тұрмыста және тек тікелей тағайындалуы бойынша пайдалануға арналған.
- Осы аспапты пайдалануды бастаудың алдында пайдалану бойынша нұсқаулықты мұқият оқыңыз.
- Аспапты іске қосар алдында, әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Аспаптың және қуат беру бауысының зақымдануы болғанда, аспапты ешбір жағдайда розеткаға қоспаңыз.
- Аспап пен қуат бауысы ыстыққа, тікелей күн сәулесі мен ылғал әсеріне ұшырамайтындай етіп сақталуы керек.
- Жұмыс істейтін құрылғы мен зарядтау адаптерін бақылаусыз қалдырмаңыз! Егер аспапты енді пайдаланбайтын болсаңыз, онда үнемі өшіріңіз.
- Осы аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибе мен білімі жеткіліксіз адамдардың (балаларды қоса алғанда), мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда, пайдалануына арналмаған. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- **Назар аударыңыз! Аспапты сұға батырмаңыз.**
- Ешқандай жағдайда құрылғыны және зарядтау адаптерін сұға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапқа ылғал қолыңызды тигізбеңіз. Құрылғы суланған кезде зарядтау адаптерін желіден дереу ажыратыңыз.
- Егер желіге қосылған құрылғы сұға түсіп кетсе, оны дереу желіден ажыратыңыз. Бұл ретте қолдарыңызды ешқашан сұға батырмаңыз. Қайта пайдаланар алдында, аспапты білікті маман тексеруі тиіс.
- Аспапты жуыну бөлмесінде пайдаланған кезде желілік шнурды пайдаланбаңыз, тек аккумуляторлық режимді қолданыңыз, себебі судың жақын болуы желілік электр аспаптарды пайдалану кезінде қауіп тудырады.
- Аспапты тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында, аспапты желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Бейстандартты қуат көздерін немесе іске қосу аспаптарын пайдаланбаңыз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Аспапты желіге қосу алдында ол өшірулі күйде екеніне көз жеткізіңіз.
- Аспапты үшкір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Зарядтау аяқталғаннан кейін, аспапты тазалау немесе сындыру кезінде оны әрқашан желіден ажыратыңыз. Зарядтау адаптері арқылы қуатталған аспаптың жұмыс режимін, негізгі жұмыс режимін – аккумуляторда пайдалану ұсынылмайды.
- Аспапты, қуат бауысынан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, қуат адаптерін қуат сымнан ұстап, желіден ажыратуға тыным салынады. Адаптерді желіден ажыратқан кезде адаптерді өткізгіш түйреуіштерге тигізбестен корпусының артында ұстаныз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану Сізді кепілдік құқығыңыздан айырады.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін, аспапты пайдаланбаған жөн. Пайдаланар алдында, аспапты білікті маман тексеруі тиіс.
- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау кезінде әрқашан құрылғыдан қуат сымын ажыратыңыз.
- Бауысымыз дәл осындай модельдің ұқсас түпнұсқа бауысымына аумстыруға болады, білікті мамандардан - сервистік орталық




қызметкерлерінен кеңес алыңыз. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.

- Аспапты өз бетінше жөндеменіз. Жөндеуді тек сервистік орталықтың білікті мамандары жүргізуі керек.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануға болады.
- Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Бұл ретте аспаптан аккумуляторлық батареяларды алып тастау қажет. Сіз осы арқылы қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.
- Пайдаланылған қайта зарядталатын батареялар мен кіріктірілген батареялары бар аспаптарды тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Аспаптар мен батареяларды отқа тастамаңыз, себебі батареялар жарылуы мүмкін. Пайдаланылған аккумуляторлық батареялар мен кіріктірілген батареялары бар аспаптар кәдеге жаратылуы керек

### **3. Бұл құрылғының арнайы қауіпсіздік туралы нұсқаулар**

- Бұл құрылғы желілік режимде ауа температурасы +15°C-тан +35°C-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын тұрғын үй-жайларда пайдалануға арналған. Аккумуляторлық режимде плюс температураның кең ауқымында және ауаның кез келген ылғалдылығында пайдалануға рұқсат етіледі
- Жұмысты бастар алдында пышақтардың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны әлдебір жерге қоймаңыз, себебі бұл жаракатқа немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.
- Саптамалары немесе саптаманың бір тішшелері зақымданған машинаны, сонымен қатар жүздері зақымданған машинаны пайдаланбаңыз - бұл жаракаттануға әкелуі мүмкін.
- Аспапты тек қана құрғақ шашты алу үшін пайдаланыңыз.
- **Аспапты суға батырмаңыз!**
- Бұл бұйымды жануарлардың жүнін қырку үшін пайдаланбаңыз.
- Тілінудің алдын алу үшін, аспап пышағын теріге өте жақын ұстамаңыз.
- Терінің қабынуы кезінде машинаны пайдаланбаңыз.
- Шаш киноға арналған машинка тұрмыстық аспап болып табылады және ұзақ уақыт үздіксіз пайдалануға арналмаған, сондықтан 10 минут үздіксіз жұмыс істегеннен кейін, жетекті салқындату үшін үзіліс жасау керек.
- Машинаның аккумуляторын зарядтау тек құрғақ бөлмеде жасалуы керек. Егер бұған дейін машина ылғалды ортада қолданылса, оны мұқият кептіру керек.

#### 4. Аспап сипаты



- 13. Кескіш блок
- 14. Кесу ұзындығын реттейтін ролик
- 15. ҚОСУ/ӨШІРУ (ON/OFF) түймесі
- 16. LED-дисплей
- 17. Зарядтау базасы
- 18. Ауысымдық саптамалар – 9 дана
- 19. Желілік баусым 1 м
- 20. Зарядтау адантері
- 21. Кескіш жинақты майлауға арналған май
- 22. Тазалауға арналған щетка
- 23. Тарақ
- 24. Жол кейсі

LED-дисплейдегі белгішелер:



Пышақ ұзындығының сәйкестендіргіші

Жылжымалы реттеу ролигін сағат тіліне қарсы бұру кезінде кезек бойынша "0,5 мм, 1,0 мм, 1,5 мм, 2,0 мм, 2,5 мм" мәндері көрсетіледі; жылжымалы реттеу ролигін сағат тілімен бұру кезінде кезек бойынша "2,5 мм, 2,0 мм, 1,5 мм, 1,0 мм, 0,5 мм"мәндері көрсетіледі.

#### Зарядтау символы

Аспапты зарядтау уақыты шамамен 90 минутты құрайды: зарядтау "00" белгісінен басталып, "100%" белгісімен аяқталады. Зарядтау кезек-кезек 10%-ға артады - «00 / 10% / 20% / 30% / 40% / 50% / 60% / 70% / 80% / 90 % / 100%», бір уақытта қызыл шанышқы белгісі үнемі көрсетіледі. Құрылғыны зарядтағаннан кейін оны жұмыс үшін пайдалануға болады.

Құрылғының жұмыс уақыты шамамен 60 минутты құрайды: жұмыс "100%" белгісінен басталып, "00" белгісімен аяқталады. Зарядтаудың төмендеуі кезекпен 10%-ға жүреді - «100% / 90% / 80% / 70% / 60% / 50% / 40% / 30% / 20 % / 10% / 00». Аккумуляторды зарядтау небәрі 10% болғанда, дисплейде жыпылықтай бастайтын қызыл шанышқы белгісі пайда болады. Құрылғыны зарядтау керек.

### 5. Жиынтықтама

Аспап

Зарядтау базасы

Зарядтау адаптері және 1 м желілік баусым

Әр түрлі ұзындықтағы кесуге арналған 9 ауыстырылатын саптама - 4-6/7-9/10-12/16-18/22-24/28-30/32-34/35-37/38-40 мм

Кескіш блокты майлауға арналған май

Тазалауға арналған щетка

Тарақ

Жол кейсі

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Сериялық нөмірі

### 6. Жұмысқа дайындық

#### Аккумуляторлық батареяны қуаттандыру

- Аспапты алғашқы пайдаланар алдында аккумуляторлық батареяны толық зарядтау қажет.
- Аккумуляторлық батареяның зарядталуын +10°C-ден төмен емес және +35°C-ден жоғары емес температурада жүргізіңіз.
- Батареяны толық зарядтауға кететін уақыт шамамен 90 минутты құрайды. Аккумулятордың толық зарядталуы кезіндегі аспаптың үздіксіз жұмыс істеу уақыты шамамен 90 минут құрайды.
- Аккумулятордан жұмыс істеген кезде құрылғының дисплейінде шаштың белгіленген ұзындығы және батареяның қалдық деңгейі пайыздық түрде көрсетіледі.
- Желіден жұмыс істеген кезде, құрылғының дисплейінде шаштың белгіленген ұзындығы және батареяның пайыздық қалдық деңгейі, сондай-ақ желіге қосылудың қызыл белгісі көрсетіледі.
- Егер машинка бір ай немесе одан да көп уақыт бойы пайдаланылмаса, аспапты қолданар алдында, аккумуляторлық батареяны зарядтаңыз.
- Зарядтау кезінде құрылғының дисплейі батареяның пайыздық деңгейін, сондай-ақ желіге қосылу белгісін көрсетеді. Батарея толығымен зарядталған кезде, желіге қосылу белгісі сөнеді.
- Құрылғыны қосу үшін Қосу түймесін басыңыз./ Өшіру. Құрылғыны 3 секунд іске қосқан кезде Май бөтелкесінің белгішесі пайда болады, содан кейін ол жоғалады. Ұзындықты реттеу ролингің бұру арқылы кесу ұзындығын қажетті ұзындыққа реттеңіз. Құрылғы 30 минут жұмыс істегенде, дисплейде май бөтелкесінің белгісі пайда болады, ол 5 секунд ішінде жыпылықтай бастайды. Бұл кесу блогын майлау қажеттілігін білдіреді (қосымша ақпарат алу үшін келесі тармақты қараңыз). Құрылғыны өшіру үшін Қосу/Өшіру түймесін бір рет басыңыз.

Аспап энергия тұтынудың екі режимінде жұмыс істей алады:


- аккумуляторлық (кіріптірілген батареядан)

- баусыммен жалғанған және қуат көзі адаптерімен розеткаға қосылған желілік.

### Майлау және реттеу

**Назар аударыңыз!** Бірінші қолданар алдында пышақтардың тістерін маймен майлаңыз, артық майды қағаз майлықпен алып тастаңыз.

- Қиюды бастар алдында аспапты тексеріңіз, пышақ тістерінің арасында артық май жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Аспапты іске қосыңыз және пышақ жүрісіне қараңыз, олар кедергісіз қозғалыу тиіс.



- Пышақтардың кескіш жинағын майлау үшін, құрылғының жеткізілім жинағына кіретін майды немесе шаш қайшылары мен шаш қайшыларындағы пышақтарды майлауға арналған басқа өндірушілердің майын ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Май жағылатын нүктелер суретте белгіленген, нүктелердің әрқайсысына май 1 тамшыдан асырмай жағылады, содан кейін, май үйкелісетін бетерге үлесіп тарауы үшін, машинкаға 30 секунд шамасында жұмыс істетуі қажет, содан кейін артық май құрғақ матамен немесе қағаз майлықпен кетіріледі.

### Саптамаларды орнату/алып тастау

Кескіш блокты/ауыстырғыш саптаманы орнатар алдында және алып тастаудан бұрын, машинканың өшірілгеніне көз жеткізіңіз!

- Кескіш блокты (пышақты), шанышқымен машина корпусының отыратын орнына орнатыңыз және пышақты басқанша басу арқылы оны машинкаға бекітіңіз. Кескіш блок корпусқа қисаймай кіргеніне көз жеткізіңіз.
- Кескіш блокты (пышақты) алу үшін кескіш жиекті машинаның корпусынан төмен қарай басыңыз. Екінші қолыңызбен кесу блогын (пышақты) құлауға қарсы ұстап тұрыңыз.



- Жинаққа шаштың ұзындығын реттеуге арналған 9 ауыстырылатын саптама кіреді (4-6/7-9/10-12/16-18/22-24/28-30/32-34/35-37/38-40 мм)
- Ауыстырылатын саптамаларды кесу блогымен бірге пайдалану керек. Бұл үшін алдымен кескіш блокты қайшыға орнатыңыз, содан кейін саптаманы алыңыз және бүйірлік бағыттаушы саптамаларды кескіш блоктың басындағы ойықтарға сәйкестендіріңіз. Саптаманы төмен қарай сырғыту арқылы бекітіңіз.
- Саптаманы шешіп алу үшін, бас бармақпен астыңғы жағынан саптаманы басып, оны жоғары қарай тартыңыз.

## **7. Аспапты пайдалану**

- Қажет болған жағдайда, саптамалардың бірін орнатыңыз.
- Кескіш блокты пайдаланған кезде, кесу ұзындығын реттегішті пайдаланып, сәйкес шаш кию ұзындығын таңдаңыз. Шаш киюдың минималды ұзындығы – 0,5 мм. Шаш киюдың максималды ұзындығы – 2,5 мм. Шаш кию ұзындығын реттегіш қадамы – 0,5 мм.
- Машинаны қосу үшін Қосу/Өшіру түймесін пайдаланыңыз.
- Кесу аяқталғаннан кейін машинаны Қосу/Өшіру түймесімен өшіріңіз.
- “Travel lock” кездейсоқ қосудан бұғаттау функциясын іске қосу үшін, құрылғы өшірілген кезде, Travel lock таңбасы жыпылықтағанша ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін шамамен 5 секунд ұстап тұру керек. Осыдан кейін Қосу/Өшіру түймесін басу жұмыс істемейді, дисплейде travel lock белгісі жанады. “Travel lock” функциясын өшіру үшін, құрылғы өшірілген кезде, Travel lock таңбасы жыпылықтағанша ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін шамамен 5 секунд ұстап тұру керек. Осыдан кейін машинаны ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы қосуға болады.

## **8. Шаш алу бойынша кеңестер:**

- Қажетті саптаманы орнатыңыз және шаштың ұзындығын реттеңіз.
- Шашы қиылатын адамды орындыққа оның басы Сіздің көзіңіздің деңгейінде болатындай етіп отырғызыңыз. Бұл шолпы қарауды және шаш алу процесін бақылауға мүмкіндік береді.
- Барлық шаш түйіндерін алып тастау үшін, шашты мұқият тараңыз.
- Шашты алу процесінде шаш құрғақ болуы тиіс.
- Бұл құралды пайдаланып шашты кесу белгілі бір дағдыларды қажет етеді, сондықтан шаштың қалған ұзындығы ықтимал қателерді түзетуге жеткілікті болатындай етіп, алғашқы бірнеше рет максималды ұзындықтағы саптамаларды орнатыңыз.
- Шашты неғұрлым тегіс алу үшін, аспапты шаш өсуінің бағытына қарсы жылжытыңыз. Аспап шаш алуды үлгергеннен жылдам аспапты жылжытып, процесті жылдамдатуға тырыспаңыз.
- Шаш алған кезде қиылған шашты алып тастап отырыңыз.

### *Желкедегі шашты алу:*

- Қажетті саптаманы орнатыңыз.
- Аспапты, жүздерін жоғары қарай бағыттап, алыңыз және мойының төмен жағынан төбеге қарай шаш алуды бастаңыз.
- Шаштың аз мөлшерін қайшымен ұстаңыз.
- Шаш алған кезде аспапты желкенің бойымен біртіндеп көтеріңіз. Желкені өңдеуді төменнен жоғары қарай бағытта мойынан құлақ ұшына дейін жалғастырыңыз.
- Қысқа шаш үлгісі үшін шаш киюның ұзындығы 4-6 мм болатын саптаманы орнатыңыз, қысымды көбірек қолданыңыз және аз дәрежеде жоғары көтеріліңіз. Қатты баспаңыз, осылайша сіз кесілген адамғазақым келтіре аласыз.

### *Самайды өңдеу:*

- Бұл функция үшін саптаманы 4-6 мм етіп орнатыңыз немесе саптамасыз құрылғыны қолданыңыз. Бастың самай бөлігін өңдеңіз.
- Содан кейін үлкен ұзындықтағы саптаманы орнатып, сіз жоғары қарай қозғала аласыз

### *Бастың жоғарғы бөлігін өңдеу:*

- Қажетті ұзындықтағы саптаманы орнатқаннан кейін, бастың жоғарғы бөлігін кесуді бастауға болады. Бұл жағдайда машинаны шаштың табиғи өсу бағытында бастың жоғарғы жағынан жылжыту керек. Кейбір жағдайларда Сіз шашты кері бағытта маңдайдан желкеге қарай шаштың табиғи өсуіне қарсы алу мүмкінсіз.

- Егер шашты тағы қысқарту керек болса, ұзындығы кішірек саптаманы таңдаңыз.
- Ұзын шашты бастың жоғарғы бөлігінде алу үшін саптаманы шашты көтерумен үйлестіріп пайдаланыңыз. Шаш бұрымының ұзындығын өзгертіп, Сіз өзіңіздің талғамыңыз бойынша шаштың ұзындығын үлгілей аласыз.

*Саптаманы пайдаланбай шашты түзету (жиіктеу):*

- Мойын мен самай маңындағы шашты түзету үшін машинаның саптамасын шешіңіз
- Құралды кескіш жиектерімен басты үстіне бұрыңыз да, самай мен мойындағы шашты түзетіңіз. Машинаны қатты баспаңыз, ашық жүздерің терімен жанасқан кезде жарақаттану ықтималдығы бар.
- Қалған қысқа шаштар ұстарамен жойылады (жинаққа кірмейді).

### Сақал мен мұртты алу


Сондай-ақ, машинаны сақал мен мұртты модельдеу немесе кесу үшін пайдалануға болады.

Қиюды баста алдында ұйысқан шаштар болмауы үшін сақал мен мұртты тараңыз.

Аспапты алғашқы рет пайдаланған кезде аспаппен жұмыс істеп үйрену үшін, саптаманы қиюдың максималды ұзындығына орнату ұсынылады.

Сақал жасар алдында, Сізге қандай стиль жарасатынын анықтаңыз.

Төменде кейбір нұсқалар келтірілген.



*Жұмыстың негізгі кезеңдері:*

6. Сақалдың негізгі массасын қию
7. Сақал мен ерін астын қию
8. Мойын сызығы бойынша сақал контурын жасау
9. Беттің сызығы бойынша сақал контурларын жасау
10. Жақ сақалдарды өңдеу

Сақалды кесу үшін құрылғыны кесу блогымен төменнен жоғары қарай мойынан бетке қарай жылжытыңыз (ауыстырылатын саптама киіледі). Бұл ретте саптама суретте көрсетілгендей теріге жанасып тұрады.



**Назар аударыңыз!** Саптамаға шаш жиналған кезде одан қиылған шаштарды сілкіп тастаңыз.

**Назар аударыңыз!** Түк біркелкі қиылуы үшін машинкаға қатты баспаңыз.


Мойын мен бет бөлігінен шашты алу үшін машинадан саптаманы шешіңіз де, сақалдың белгіленген шекарасына дейін төменнен жоғары қарай машинамен жүргізіңіз.

Біркелкі контур жасау үшін машинаны кескіш жүздерімен төмен ұстаңыз да, белгіленген сызық бойынша қиыңыз.

Мойындағы, беттегі, иектегі қалып қойған қажет емес қысқа шаштарды тазалап ұстара көмегімен алынады.

### **9. Тазалу және күтім**

- Тазалау және техникалық қызмет көрсету алдында аспапты ажыратыңыз.
- Өрбір пайдаланудан кейін жинаққа кіретін щеткамен Жүзі мен саптамаларын шаш қалдықтарынан тазалаңыз.



- Аспаптың сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін, оның жүздері қажеттілігі бойынша үнемі майлануы тиіс (майдың болмауы жүрістің бір қалыптылығын төмендетеді, жүздерінің қызуына және жылдам тозуына әсер етеді), артық майлау шашты былғайды және қиылған шаштардың жүздер мен саптамаларға жабысуына әсер етеді.
- тіпті егер сіз киноға арналған машинаны пайдаланбасаңыз да, аккумуляторлық батареяны 6 айда кеміне 1 рет қайта қуаттандырыңыз.
- Абразивті тазалағыш құралдарды пайдаланбаңыз, құралды таза құрғақ матамен сүртіңіз.
- Ешбір жағдайда аспапты суға батырмаңыз.
- Аспапты салқын құрғақ жерде сақтаңыз.
- Аспапты тасымалдау үшін зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз

### **10. Сақтау**

Электр аспаптары қоршаған ауа температурасы плюс 15 °С-тан төмен емес және плюс 35 °С-тан жоғары емес, салыстырмалы ылғалдылығы 70% - дан жоғары емес және қоршаған ортада Электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа булар болмаған кезде жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

## **11. Тасымалдау**

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.



Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

## **12. Көдеге жарату бойынша талаптар**

Электр құралының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне көдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымдарды көдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, оның ішінде СанЕжН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес

## **13. Техникалық деректер**

Аспап:  
Кесу ұзындығы (саптамасыз): 0,5-2,5 мм  
Қуаты: 5 Вт  
Аккумулятор түрі: Li-Ion 800 mAh  
Қорғау сыныбы- III  
Зарядтау уақыты: 90 минутқа жуық.  
Дербес жұмыс істеу уақыты: 90 минуттан аспайды.  
Ылғалдан қорғау IPX6

Қуат адаптері:  
Кіріс кернеу: ~100÷240 В  
Ток ~ 0,2А  
Желі жиілігі: ~50/60 Гц  
Шығыс қуаты: 5Вт  
Қорғау сыныбы: II

**Ескертпе:** Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың өзекті нұсқасын Сіз [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru) сайтынан таба аласыз



#### **14. Сертификаттау туралы ақпарат**

Бұйым КО ТР 004/2011 "Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы", КО ТР 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі", ЕАЭО ТР 037/2017 "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолдануды шектеулер туралы" талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кеңедік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен табылғанды.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымнан сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



**Кепілдік мерзім:** сатып алған күннен бастап 3 жыл

**Аспаптың қызмет ету мерзімі:** 3 жыл

**Дайындаушы:**

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИС ЭЙША ЛИМИТЕД

Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидо, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР

Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

**Импорттаушы және РФ мен Кеңедік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі өндірушінің**

**уәкілетті өкілі:** "ЭйДэиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе

көшесі, 11 үй, 3 қурылыс, 4 қабат, 1 үй-жай 13 бөлме

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8-800-700-11-78

Authorized representative of the manufacturer in EU:

JSC "HTV1", Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228

**Қытайда өндірілген.**

**Зауытта:**

НИНБО БЭНГШОУ ЭЛЕКТРИК КО., ЛТД

Сясян, Тан Джалиннг Вест Роуд, Ландзян Дистрикт, Юйяо Сити, Чжэцзян Провинциясы,

Қытай.

**At factory:**

NINGBO BANGSHOU ELECTRIC CO., LTD

Xiaxiang, Tanjialing West Road, Lanjiang District, Yuyao City, Zhejiang Province, China

Өндірілген айы мен жылы туралы ақпаратты аспаптың паспорттық тақтайшасынан қарау қажет.

## 15. Кепілді міндеттемелер

**Бұйым: Шаш қиюға арналған машинка**  
**Модель: PNC 5200**

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай ішінде қолданылады және "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңдарына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық модельдерге қолданылады.

2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.

3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:

Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптарын бұза отырып, бұйымды оның тікелей мақсаты бойынша пайдаланбау, сондай-ақ бұйымды орнату мен пайдаланудан тұратын дұрыс пайдаланбау;

Бұйымды ол арналмаған максаттарда пайдаланудан;

Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;

Өңдеу бөлшектерінің, саптамалардың, адаптердің және зарядтау кабелінің, аккумуляторлық батареяның, пайдалану мерзімі шектеулі жүздер блогының және пайдалану процесінде табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектердің тозуы;

Авторланған сервис орталықтары\* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуіне;

Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.

4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндірушіге кепілдікті міндеттеме жүктелмейді.

5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

6. Осы кепілдік осы талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауар чегінің түпнұсқасымен және оған сериялық нөмірі желімделген ақаулар анықталған бұйымды көрсеткен кезде жарамды

7. Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

\*Авторланған сервис орталықтарының мекенжайлары Компания сайтында:  
www.polaris.ru.

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның корпусындағы паспорттық сәйкестендіру тактайшасында көрсетілген

<b>ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН / WARRANTY CARD / КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ</b>	
Изделие / Item	Модель / Item no.
Бұйым / Item	Моделі / Item no.
Серийный № / Serial no. / Сериялық №	
Сатылған күні / Date of purchase	
Сатушы-фирма / Seller	
Сатушының қолы / Seller's signature	
Сатушының мөрі / Seller's stamp	
Сатып алушы / Buyer	
Мекенжайы / Address	
Телефон / Telephone no.	